

Пайдаланушы нұсқаулығы

Үлкен пішімде көрсету

MultiSync V754Q

MultiSync V864Q

MultiSync V984Q

МОДЕЛЬ: V754Q, V864Q, V984Q

Үлгі атын монитордың артқы жағындағы белгіде табуға болады.

Мазмұны

Сәйкестік туралы мәлімдеме	Қазақ-1
Маңызды ақпарат.....	Қазақ-2
ЕСКЕРТУ	Қазақ-2
АБАЙ БОЛЫҢЫЗ.....	Қазақ-2
Қауіпсіздік шаралары, қолдану және пайдалануға арналған кеңестер	Қазақ-3
Қауіпсіздік шаралары мен техникалық қолдау көрсету	Қазақ-3
Пайдалануға арналған кеңестер	Қазақ-3
Эргономия.....	Қазақ-3
Сұйық кристалдық тақтаны тазалау	Қазақ-4
Корпусты тазалау.....	Қазақ-4
Орнату	Қазақ-5
Орнату құралдарын бекіту	Қазақ-7
Бөлшектер атаулары мен функциялары	Қазақ-10
Басқару тақтасы.....	Қазақ-10
Терминал тақтасы	Қазақ-11
Сымсыз қашықтан басқару	Қазақ-13
Қашықтан басқару құралын пайдалану қашықтығы	Қазақ-14
Орнату	Қазақ-15
Байланыстар.....	Қазақ-17
Сым өткізу диаграммасы	Қазақ-17
Жеке компьютерді қосу	Қазақ-18
Ойнатқышты немесе компьютерді HDMI шығысымен қосу.....	Қазақ-18
Компьютерді DisplayPort көмегімен қосу	Қазақ-18
USB құрылғысын қосу.....	Қазақ-19
Негізгі операция	Қазақ-20
Қуат қосу және өшіру режимдері	Қазақ-20
Қуат көрсеткіші	Қазақ-21
Қуатты басқару мүмкіндігін пайдалану	Қазақ-21
Сигнал көрсеткіші.....	Қазақ-21
Медиа ойнатқыш.....	Қазақ-22
Көрсетілетін/ойнатылатын файлдар	Қазақ-22
Файлды көрсететін экран	Қазақ-24
Слайдшоуды көрсету	Қазақ-25
Медиа ойнатқыш параметрлері	Қазақ-25
NETWORK & OTHER SETTINGS (ЖЕЛІ ЖӘНЕ БАСҚА ПАРАМЕТРАЛЕР).....	Қазақ-26
SHARED SD (ОРТАҚ SD) карта SETTINGS (ПАРАМЕТРАЛЕРІН) пайдалану.....	Қазақ-27
CONTENTS COPY (КОНТЕНТТЕРДІ КӨШПРУ) мүмкіндігін пайдалану	Қазақ-28
Төтенше жағдай контентін пайдалану	Қазақ-28
OSD жөніндегі ақпарат	Қазақ-28
Сурет режимі	Қазақ-29
OSD (On-Screen-Display) (Экранда көрсету) басқару элементтері.....	Қазақ-32
INPUT (КІРІС)	Қазақ-33
PICTURE (СУРЕТ).....	Қазақ-33
AUDIO (ДЫБЫС).....	Қазақ-35
SCHEDULE (ЖОСПАР)	Қазақ-36
MULTI INPUT (БІРНЕШЕ КІРІС).....	Қазақ-37
OSD	Қазақ-39
MULTI DISPLAY (МУЛЬТИ ДИСПЛЕЙ)	Қазақ-39
DISPLAY PROTECTION (ДИСПЛЕЙ ҚОРҒАНЫСЫ)	Қазақ-41
CONTROL (БАСҚАРУ)	Қазақ-41
OPTION	Қазақ-44
SYSTEM (ЖҮЙЕ).....	Қазақ-45
Қашықтан басқару функциялары.....	Қазақ-47
Бірнеше мониторлардың байланысы.....	Қазақ-48
LCD мониторын RS-232C Қашықтан басқару арқылы басқару.....	Қазақ-49
LCD мониторын LAN басқаруы арқылы басқару.....	Қазақ-51
Желіге қосылу.....	Қазақ-51
HTTP браузерін пайдалану арқылы желі параметрі	Қазақ-51
POINT ZOOM (НҮКТЕЛІ МАСШТАБТАУ).....	Қазақ-59
PROOF OF PLAY (ОЙНАТУДЫҢ ТЕКСЕРУІ)	Қазақ-60
INTELLIGENT WIRELESS DATA (ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ СЫМСЫЗ ДЕРЕКТЕР).....	Қазақ-61
MULTIPICTURE (МУЛЬТИ СУРЕТ) матрикі	Қазақ-61
Бейне шығыс	Қазақ-68
Мүмкіндіктер	Қазақ-69
Ақауларды жою	Қазақ-70
Сипаттамасы - V754Q.....	Қазақ-72
Сипаттамасы - V864Q.....	Қазақ-73
Сипаттамасы - V984Q.....	Қазақ-74
Өндірушінің қайта өңдеу және энергия жөніндегі ақпараты	Қазақ-75
[Ескерту] Осы өнімде қамтылған MPEG LA лицензиясы туралы.....	Қазақ-77

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Осы құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сай келеді. Операция келесі екі жағдайға сәйкес. (1) Осы құрылғы қауіпті кедергілерге әкелмеуі мүмкін және (2) осы құрылғы қажетсіз операцияға әкелетін кедергімен қоса, кез келген кедергіні қабылдауы керек.

АҚШ-тағы жауапты тарап:	NEC Display Solutions of America, Inc.
мекенжайы:	500 Park Boulevard, Suite 1100
	Itasca, Illinois 60143
Тел. №	(630) 467-3000

Өнім түрі:	Дисплей
Құрылғы классификациясы:	В класына жататын перифериялық құрылғы
Үлгісі:	MultiSync V754Q (V754Q) MultiSync V864Q (V864Q) MultiSync V984Q (V984Q)



Осы құжатпен жоғарыда аталған құрылғының байланыс жөніндегі федеральды агенттіктің ережелерінде көрсетілген техникалық стандарттарға сай келетінін хабарлаймыз.

FCC ақпараты

- Радио және телевизия қабылдау кедергісіне ұшырамайтындай етіп, берілген арнайы кабельдерді осы түсті монитормен пайдаланыңыз.
(1) FCC сәйкестігін сақтау үшін берілген қуат кабелін немесе оған ұқсас кабельді пайдаланыңыз.
(2) Қорғаныс қабаты бар, берілген бейне сигнал кабелін пайдаланыңыз.
- Осы құрылғы тексерілген және В класына жататын сандық құрылғының шектеулеріне және FCC ережелерінің 15-бөліміне сай. Бұл шектеулер тұрғын үйлерде орнату кезінде зиянды кедергілерден зерделі қорғау үшін жасап шығарылған. Осы құрылғы радио жиілік энергиясын жасайды, пайдаланады және шығарады, ал нұсқауларға сай орнатылмаса және қолданылмаса, радио байланыстарына кедергі келтіруі мүмкін. Бірақ, кедергінің тиісті орнатуда пайда болмайтынына кепілдік жоқ. Осы құрылғыны қосу және өшіру кезінде радио не теледидар қабылдауына кедергі келсе, пайдаланушы келесі әрекеттердің бірін не бірнешеуін орындау арқылы кедергіні жойып көруі керек:
 - Қабылдағыш антеннаның бағытын өзгертіңіз немесе орнын ауыстырыңыз.
 - Құрылғы мен қабылдағыш арасын алшақтатыңыз.
 - Құрылғыны қабылдағыш қосылған орыннан басқа розеткаға жалғаңыз.
 - Анықтама алу үшін дилерге немесе радио не теледидар маманына хабарласыңыз.

Қажет болса, пайдаланушы қосымша ұсыныстар алу үшін дилерге немесе радио не теледидар маманына хабарласуы керек. Пайдаланушы Байланыс жөніндегі федеральды агенттік ұсынған келесі кітапшаны таба алады: «Радио-теледидар кедергісіне қатысты мәселені анықтау және шешу жолы.» Осы кітапша Вашингтон қаласындағы 20402, Инв. № 004-000-00345-4 АҚШ-тың мемлекеттік типографиясынан шығады.

Windows – Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

NEC – NEC корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

OmniColor – Еуропалық Одақ пен Швейцарияда NEC Display Solutions Europe GmbH тіркелген сауда белгісі
DisplayPort және DisplayPort Compliance логотипі – Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі Бейне электрониканы стандарттау ассоциациясының сауда белгісі.

Барлық басқа брендтер мен өнім атаулары – олардың сәйкес қожайындарының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

HDMI шарттары мен HDMI High-Definition Multimedia Interface және HDMI Logo — Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі HDMI Licensing Administrator, Inc. компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



PJLink сауда белгісі - Жапонияда, Америка Құрама Штаттарында және басқа елдер мен аймақтарда қолданылатын сауда белгісі.

microSD және microSD SDHC логотиптері – SD-3C, LLC сауда белгілері.



CRESTRON and CRESTRON ROOMVIEW – Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі Crestron Electronics, Inc. Компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

GPL/LGPL бағдарламалық құралының лицензиялары

Осы өнім GNU жалпыға қолжетімді лицензия (GPL), GNU қолданысы шектеулі жалпыға қолжетімді лицензия (LGPL) ж"не басқа лицензиялармен лицензияланған бағдарламалық құралды қамтиды.

Әр бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпарат алу үшін берілген CD-ROM дискінің «about GPL&LGPL» қалтасындағы «readme.pdf» файлын қараңыз.

Adobe және Adobe логотипі – АҚШ-тағы және/немесе басқа елдердегі Adobe Systems Incorporated тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері.

Маңызды ақпарат



ЕСКЕРТУ



ӨРТ ШЫҒУ НЕМЕСЕ ТОК СОҒУ ҚАУПІН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ҚҰРЫЛҒЫҒА СУ НЕМЕСЕ ЫЛҒААЛ ТИГІЗБЕҢІЗ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПОЛЯРЛЫҚ АШАСЫН ТОЛЫҚ ЕНГІЗІЛЕТІН ТІСШЕЛЕРДІҢ ОРНЫНА ҰЗАРТҚЫШ РОЗЕТКАМЕН НЕМЕСЕ БАСҚА ДА РОЗЕТКАМЕН ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

ЖОҒАРЫ КЕРНЕУЛІ БӨЛШЕКТЕРІ БАР БОЛҒАНДЫҚТАН, КОРПУСЫН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ МАМАҢДАР ОРЫНДАУЫ ТИІС.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ТОК СОҒУ ҚАУПІН ТӨМЕНДЕТУ ҮШІН ҚУАТ КАБЕЛІНІҢ ҚАБЫРҒА РОЗЕТКАСЫНАН АЖЫРАТЫЛҒАНЫН ТЕКСЕРІҢІЗ. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚУАТЫН ТОЛЫҚ ӨШІРУ ҮШІН ҚУАТ КАБЕЛІН АТ РОЗЕТКАСЫНАН АЖЫРАТЫҢЫЗ. ҚАҚПАҚТЫ (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН) ШЫҒАРЫП АЛМАҢЫЗ. ҚҰРЫЛҒЫ БӨЛІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУШЫ ЖӨНДЕМЕУІ ҚАЖЕТ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ МАМАҢДАР ОРЫНДАУЫ ТИІС.






Бұл символ пайдаланушыны құрылғы ішіндегі изоляцияланбаған кернеудің ток соғу қаупіне әкелуі мүмкін екендігін ескертеді. Сондықтан осы құрылғы ішіндегі кез келген бөлікке жанасу қауіпті.

Бұл символ пайдаланушыға осы құрылғы бойынша жұмыс жүргізу және қызмет көрсету жөнінде маңызды әдебиеттер бар екенін хабарлайды. Сондықтан проблемаларды болдырмау үшін оны мұқият оқып шығу қажет.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Осы монитормен берілген қуат кабелін төмендегі кестеге сай пайдаланыңыз. Егер қуат кабелі осы жабдықпен бірге берілмесе, жеткізушіге хабарласыңыз. Барлық басқа жағдайларда қуат көзінің АС кернеуіне сәйкес болатын және өз еліңіздегі қауіпсіздік стандартымен бекітілген және соған сай болатын қуат көзін пайдаланыңыз.

Бұл жабдық жерге қосылған қуат сымы жағдайында пайдалануға арналған. Егер қуат сымы жерге қосылмаған болса, электр тогының соғуына апаруы мүмкін. Қуат сымының тиісінше жерге тұйықталғанына көз жеткізіңіз.

Аша түрі	Солтүстік Америка	Еуропалық Континенттік	Құрама Корольдік	Қытай	Жапон
Аша кескіні					
Аймақ	АҚШ/Канада	ЕО (Құрама Корольдіктен басқа)	Құрама Корольдік	Қытай	Жапония
Кернеу	120*	230	230	220	100

* Айнымалы тогы 125-240 В қуат көзін қамтитын осы монитормен жұмыс істеген кезде пайдаланылып жатқан айнымалы ток электр розеткасының қуат көзі кернеуімен сәйкес келетін қуат кабелін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ: Бұл өнім тек сатылып жатқан елде ғана жұмыс істей алады.

- Өнімді пайдаланудың бастапқы тағайындалған мақсаты кеңседе немесе үйде Ақпараттық техникалық жабдық ретінде пайдалану болып табылады.
- Өнім теледидардан сигналдарды беру үшін емес, компьютерге қосылу үшін тағайындалған.



Қауіпсіздік шаралары, қолдану және пайдалануға арналған кеңестер

Қауіпсіздік шаралары мен техникалық қолдау көрсету

ТИІМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН ОРНАТУ МЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРІҢІЗ КӨП ФУНКЦИЯЛЫ МОНИТОР:

- **МОНИТОРДЫ АШПАҢЫЗ.** Құрамында пайдаланушыға пайдалы бөлшектер жоқ, сондықтан қорғаушы бетін ашу немесе жылжыту қауіпті ток жағдайына немесе басқа да тәуекелге себеп болуы мүмкін. Барлық қызмет түрлерін білікті мамандар орындауы тиіс.
- Оны майыстырмаңыз, бүкпеңіз, әйтпесе қуат кабеліне зақым келеді.
- Қуат кабелінің үстіне ауыр заттарды қоюшы болмаңыз. Кабельді зақымдау ток соғуына немесе өрт шығуына әкелуі мүмкін.
- Пайдаланып жатқан қуат кабеліңіз еліңіздегі қауіпсіздік шараларымен бекітілген немесе соған сәйкес болуы керек. (H05VV-F 3G 0,75 мм² түрі Еуропада пайдаланылуы керек)
- Біріккен Корольдықта осы монитормен бірге пайдалану үшін қара (5 A) детонаторы орнатылған штепсель ашасы түріндегі BS-бекітілген қуат кабелін пайдаланыңыз.
- Қуат кабелінің коннекторы жүйені қуат көзінен ажыратудың бастапқы құралы болып табылады. Монитор розеткаға оңай қосылу үшін жақын орнатылуы керек.
- Корпустың ішіне су құюшы болмаңыз немесе мониторды судың жанында пайдаланбаңыз.
- Кез келген түрдегі нысандарды корпус тесіктеріне салушы болмаңыз, өйткені олар қауіпті кернеу көздеріне тиіп, зиян болып немесе өлімге себеп болуы мүмкін немесе электр тогына, өртке немесе жабдықтың бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Құрылымын майысып тұрған немесе орнықты қойылмаған арбаның, негіздің немесе үстелдің үстіне қоймаңыз, өйткені монитор құлап құрделі зақымданады.
- Құрылымын бетін ұзақ уақыт бойы төңкеріп қоймаңыз, өйткені бұл оның экранына айтарлықтай зиян алып келуі мүмкін.
- Монитордың үстіне ешқандай зат қоюшы болмаңыз және оны сыртта пайдаланбаңыз.
- Егер шыны сынған болса, оны абайлап алыңыз.
- Температураны басқаратын желдеткіштер осы монитордан басқарылады. Осы өнімнің сенімді жұмысы мен ұзақ пайдалану мерзімі үшін монитордың ешқандай желдету саңылауларын жаппау қажет.
- Егер монитор немесе шыны сынған болса, сұйық кристалды ұстаушы болмаңыз және абайлап алыңыз.
- Ыстық дұрыс сейілуі үшін монитордың айналасында дұрыс желдетуі болуы керек. Желдету ұяшықтарын жаппаңыз немесе мониторды радиатор немесе басқа да ыстық нәрселердің жанына қоймаңыз.
- Монитордың үстіне ешнәрсе қоюшы болмаңыз.
- Тасымалдау барысында абайлап ұстаңыз. Тасымалдау үшін қаптаманы сақтап қойыңыз.
- Салқындату желдеткішін үздіксіз пайдалансаңыз, айына кемінде бір рет тесіктерін сүртіп тұруға кеңес береміз.
- Монитордың жұмысын сенімді ету мақсатында корпусың артқы жағындағы саңылаулардан кір мен шаңды жылына кемінде бір рет тазалаңыз.

- LAN кабелін пайдаланғанда, артық кернеуі болуы мүмкін сыммен бірге қосымша құрылғыға қосушы болмаңыз.
- Мониторды жоғары температурада, ылғалды, лас немесе майлы аймақтарда қолданбаңыз.
- Мониторды температура мен ылғалдылық кенет өзгерген кезде пайдаланбаңыз және ауаны кондициялау шығысына салқын ауа тигізбеңіз, мұның монитордың қызмет ету уақытын азайтуы немесе конденсацияға әкелуі мүмкін. Егер судың конденсациялануы болса, монитордың тіреуін конденсация жойылғанша желіден ажыратыңыз.

Теледидарға қосу*

- Кабель тарату жүйесі ANSI/NFPA 70, Ұлттық электр коды, әсіресе 820.93 бөлімі, коаксиалды кабелдің сыртқы өткізгіш қорғанысына сәйкес жерге тұйықталған болуы керек.
- Коаксиалды кабельдің экраны ғимаратты орнатуда жерге байланыстырылуы қажет.

Келесі жағдайларда мониториңызды қабырғадағы розеткадан дереу ажыратып, білікті қызмет көрсетуші маманға хабарласыңыз:

- Қуат көзінің кабелі немесе штепсель айыры зақымдалса.
- Егер монитордың үстіне сұйық зат төгілсе немесе зат құласа.
- Егер монитор жаңбыр немесе су астында қалып қойса.
- Егер монитор құлап қалса немесе корпусы зақымдалса.
- Егер ол зақымдалу нәтижесінде сықырлаған дыбыстар шығарып немесе теңселіп жатса.
- Егер монитор берілген операциялық нұсқаулар бойынша дұрыс жұмыс істемесе.

Пайдалануға арналған кеңестер

- Монитордың оңтайлы өнімділігі үшін 20 минут қыздырыңыз.
- Бір нысанға қарап отырып кемінде 5 фут қашықтықта көздеріңізді ауық-ауық демалдырып тұрыңыз. Жиі жыпылықтатыңыз.
- Басқа жарық көздерінің шағылысуын және сәулелерін азайту үшін мониторды терезеге 90° бұрышта орналастырыңыз.
- LCD монитор бетін түксіз, қатты емес матамен сүртіңіз. Тазалағыш ерітіндіні немесе әйнек сүрткішті пайдаланбаңыз!
- Оқуды күшейту үшін жарық, контраст және анықтығын басқару элементтерді реттеңіз.
- Кескінді сақтауды (кескін әсерлерінен кейін) алдын алу үшін ұзақ уақыт бойы монитор бетіне бекітілген үгілерді көрсетпеңіз.
- Көздеріңізді жиі тексертіп тұрыңыз.

Эргономия

Максималды эргономиялық пайданы іске асыру үшін келесі нәрселерді ұсынамыз:

- Стандартты сигналдармен бірге Өлшем мен Орынды алдын ала орнату басқару элементтерін пайдаланыңыз.
- Түсті алдын ала орнату параметрін пайдаланыңыз.
- Реттелмеген сигналдарды пайдаланыңыз.
- Қара фонда бастапқы көк түсті пайдаланбаңыз, өйткені бұл көруді қиындатады және жеткіліксіз контраст себебінен көзді талдырады.
- Экраннан шығатын шағылысулардың ауытқуын болдырмау үшін басқарылатын жарқырайтын орталардағы көңіл көтеру мақсаттарына жарамды.

* Сіз сатып алған осы өнімде келесі мүмкіндік болмауы мүмкін.

Сұйық кристалдық тақтаны тазалау

- Сұйық кристалдық тақтасы лас болғанда, жұмсақ матамен абайлап сүртіңіз.
- Сұйық кристалдық тақтаны қатты затпен сүртпеңіз.
- СКД тақта бетіне қысым түсірмеңіз.
- ОА азартқышын пайдаланбаңыз, өйткені СКД тақтасының бетін зақымдауы немесе түссіздендіруі мүмкін.

Корпусты тазалау

- Қуат көзін ажыратыңыз.
- Жұмсақ матамен корпусты абайлап сүртіңіз
- Корпусты тазалау үшін матаны тазалаушы құралға немесе суға батырып, корпусты сүртіңіз және үстінен құрғақ матамен сүртіп шығыңыз.

ЕСКЕРТУ: Бензол сұйықтығын, сілтілі тазалаушы құралды, құрамында алкоголь бар тазалаушы құрал, шыны тазалаушы, балауыз, қырнап тазалаушы, ұнтақ немесе инсектицид пайдаланып тазалаушы болмаңыз. Корпус резеңке немесе винилмен ұзақ уақыт бойы қатынаста болмауы қажет. Сұйықтықтардың және заттарды осы түрлері түстің бұзылуына, сынуына немесе жоғалуына алып келуі мүмкін.

Мазмұнын мазмұн парағынан қараңыз.

Құрылғы қамтамасыз етуге арналған үстел тіреусіз немесе басқа да орнату қосымша құралсыз пайдаланып немесе орнатыла алмайды. Дұрыс орнату үшін тәжірибелі NEC өкілеттігі бар қызметшіге хабарласуыңыз жөн. NEC стандартын орнату процедурасында жіберген қателіктер жабдықты зақымдауы мүмкін немесе пайдаланушыға немесе орнатушыға жарақат тигізуі мүмкін. Өнімге берілген кепілдік дұрыс емес орнатылған жабдықтың шығынын өтемейді. Берілген ұсыныстардан бас тартылған жағдайда кепілдік жойылады.

Бекіту

Мониторды өз бетінше орнатушы БОЛМАҢЫЗ. Жеткізушіден сұраңыз. Дұрыс орнату үшін тәжірибелі, білімді қызмет көрсетушіге хабарласқан жөн. Құрылғыны орнатпастан бұрын оның орнын тексеріп алыңыз. Қабырғаға немесе төбеге ілу толықтай клиенттің өз жауапкершілігінде. Құрылғының салмағын барлық қабырғалар мен төбелер көтере бермейді. Өнімге берілген кепілдік дұрыс емес орнатқаннан, қайта жөндеуден немесе табиғи апат салдарынан болған шығындарды өтемейді. Берілген ұсыныстарды орындамау кепілдікті жояды.


Желдетуге арналған тесіктерді орнату құралдарымен немесе басқа да заттармен блоктауға БОЛМАЙДЫ.

NEC білікті қызметкерлер үшін:

Құрылғыны орнатқанда қауіпсіздікте сенімді болу үшін екі немесе бірнеше негіз пайдаланыңыз. Құрылғыны орнатылатын орынның кемінде екі жеріне бекітіңіз.

Қабырғаға немесе төбеге орнатқанда келесі жағдайларды ескеріңіз

- NEC корпорациясы Солтүстік Америкада UL1678 стандартына сәйкес болатын орнату интерфейстерін ұсынады.
- NEC M8 өлшемді бұрандаларды міндетті түрде пайдалануды ұсынады (15-17 мм + ұзындықта кронштейн мен шайбаның қалыңдығы). Егер пайдаланылатын бұрандалар 15-17 мм-ден ұзын болса, тесіктің тереңдігін тексеріп алыңыз. (Ұсынылатын бекіту Күші: 1125 - 1375 N•см). Кронштейн саңылауы Ф 10 мм-ден аспауы керек.
- Орнатпастан бұрын құрылғыға зақым тимес үшін құрылғының салмағын көтере алатындай орнатылатын орынды тексеріп алыңыз.
- Толық ақпарат алу үшін бекіту жабдығымен бірге берілген нұсқауларды қараңыз.
- Монитор мен негіз арасында ешқандай бос орын жоқ екеніне сенімді болыңыз.
- Бейне қабырға конфигурациясында ұзақ уақыт бойы пайдаланған кезде, мониторлар температура өзгерістеріне байланысты аз ғана кеңеюі мүмкін. Осыған байланысты жақын арадағы монитор жиектері арасында бір миллиметрден артық аралық қалдыруға кеңес беріледі.
- Орнату кезінде экранға қысым көрсетпеңіз немесе итеру не сүйену арқылы монитордың ешбір бөлігіне шамадан тыс күш қолданбаңыз. Бұл монитордың қисаюына немесе бүлінуіне себеп болуы мүмкін.



LCD мониторы қабырғадан не төбеден құлап кетпеуі үшін, NEC қауіпсіздік сымын пайдалануды ұсынады.

Сұйық кристалды мониторды қабырғадағы немесе төбедегі ұяға өте қатты орнатыңыз.

Ілмек, рым-болт немесе монтаждау бөлшектері сияқты монтаждау аксессуарларын пайдаланып, LCD мониторын дайындаңыз, содан кейін LCD мониторын сымның көмегімен бекітіңіз. Қауіпсіздік сымы қатты болмауы тиіс.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Мониторды орнатуға арналған сақтандырғыш сымның көмегімен ілуге әрекет жасамаңыз. Монитор дұрыс орнатылуы тиіс.

Сұйық кристалды мониторды орнатпас бұрын, орнату құрал-жабдықтарының мониторды ұстауға жеткілікті қатты екенін тексеріңіз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Қорғаныс сымымен бірге тұтқаларды пайдалансаңыз, төмендегі **Қорғаныс сымына арналған тұтқалар** бөлімін көріңіз.

Қорғаныс сымына арналған тұтқалар


☛: Зауыттық орнату орналасуы.

☛: Баламалы орналасуы.


Тұтас сызық: Көлденең орналастыру үшін қорғаныс сымына арналған тұтқа орны.

Нүкте сызық: Тігінен орналастыру үшін қорғаныс сымына арналған тұтқа орны.

V754Q/V864Q



V984Q



Орнату орны

- Төбе мен қабырға монитор мен орнату құралдарды ұстап тұру үшін берік болу керек.
- Есік құрылғыға тиіп кетпейтіндей етіп орнатыңыз.
- Қатты вибрация мен шаң болатын аумақтарға құрылғыны орнатуға БОЛМАЙДЫ.
- Мониторды ғимаратқа негізгі қуат көзі берілетін жерге жақын ОРНАТПАҢЫЗ.
- Мониторды адамдар құрылғыға немесе орнату жабдығына оңай жете алатын немесе ұстай алатын жерге ОРНАТПАҢЫЗ.
- Ыстық құрылғыдан және орнату монитордан және бекіту жабдығынан дұрыс таралатындай монитордың айналасында вентиляция жүргізіңіз немесе ауасын кондициялаңыз.

Төбелерге орнату


- Жер сілкінісі, күтілмеген вибрация және басқа да сыртқы күштерге төтеп беретін ұзақ уақыт бойы құрылғының және орнату жабдығының салмағын ұстап тұру үшін төбе берік екенін тексеріңіз.
- Құрылғы төбедегі кронштейн сияқты қатты құрылымға орнатылғанын тексеріңіз. Бұрандама, серіппелі құлыптау шайбалары, шайба және сомының көмегімен мониторды бекітіңіз.
- Ішкі негізін ұстаушы құрылымы болмаған жерге орнатуға БОЛМАЙДЫ. Орнату барысында ағаш бұранда немесе анкер бұранда пайдаланушы БОЛМАҢЫЗ. Кесілген немесе ілініп тұрған төбеге ОРНАТПАҢЫЗ.

Қолдану

- Орнатылатын құрылғыдағы бос бұралған бұрандаларды, бос орындарды, бұзылғанын немесе басқа да ақаулықтарды үнемі тексеріп отырыңыз. Егер ақаулық пайда болса, қызмет көрсетуші білікті маманға хабарласыңыз.
- Уақыт өте келе пайда болуы мүмкін бұзылу немесе әлсіздік белгілерін байқау үшін орнатылған орынды ұдайы тексеріп отырыңыз.

Бағыт-бағдар

- Мониторды кітап режимінде пайдаланғанда, оның сол жағы жоғары жылжитындай және оң жағы төменге қарай жылжитындай етіп, оны сағат тілі бағыты бойынша бұрау керек. Бұл дұрыс вентиляцияны қамтамасыз етіп, монитордың қызмет ету уақытын ұзартады. Дұрыс емес вентиляция монитордың қызмет ету уақытын қысқартады.




Тұтқалар орналасуын өзгерту


- : Зауыттық орнату орналасуы.
- : Баламалы орналасуы.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Тасымалдау кезінде төрт не одан көп тұтқа қажет.


V754Q



V864Q



V984Q




NEC логотипінің орнын өзгерту

Мониторды тігінен орналастырған кезде, NEC логотип өрнегінің орны өзгертілуі мүмкін.

Логотипті алып тастау: бекітілген бұранданы шешіп, логотипті алыңыз.

Логотип өрнегін жалғау: логотип өрнегіндегі және ұядағы бұрандаға арналған тесіктердің тураланғанына көз жеткізіңіз. Логотип өрнегін орнату үшін пайдаланылған бұрандамен логотип өрнегін орнатыңыз. (Ұсынылатын бекіту күші: 30-40 Н•см).



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Логотипті орнатуға басқа бұранданы пайдаланбаңыз.

Орнату құралдарын бекіту


Монитор VESA орнату жүйесі көмегімен пайдалану үшін жасақталған.

1. Орнату үшін қалпақшалы бұраңдаларды (берілмеген) бекітіңіз

Бұл үлгіде орнатуда көмегі тигетін рым-бұраңдалар берілген.

- Бекітілген бұраңдалармен рым-болт кронштейнін орнатыңыз.
- Суретте көрсетілгендей рым-болт кронштейніндегі рым-болт тесіктеріне рым-болттарды бұраңыз.
- Қалпақшалы бұраңдалар қауіпсіз екеніне сенімді болыңыз.
- Мониторды орнына жылжыту үшін қалпақшалы бұраңдаларға бекітілген көтеретін құрылғыны пайдаланыңыз.


АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Мониторды тек рым-болттарды пайдаланып **ОРНАТПАҢЫЗ**. Рым-болттар тек алдын ала пайдалануға арналған.



2. Орнату құралдарын бекіту

Құралдарды бекіту барысында мониторды еңкейтуге болмайды.

VESA Орнату интерфейсі (M8)




Орнату құралдары мониторға экранын төмен қаратып бекітіле алады. Алдыңғы бетін зақымдап алмау үшін СКД мониторының төменгі жағындағы үстелге қорғаныс тақтасын орналастырыңыз. Бастапқы жиынтықта СКД монитор айналасы қорғаныс тақтасымен оралған. Мониторға зақым келтіретіндей үстел бетінде ешнәрсе жоқ екеніне сенімді болыңыз.

ЕСКЕРТУ: Орнатпас бұрын жеткілікті орны бар тегіс орынға қоятыныңызға көз жеткізіңіз.



ЕСКЕРТУ: Монтаждау үшін 600 мм/400 мм өлшеміндегі тесіктерді пайдалануға болады.

Монтаждық интерфейс (M8)




3. Параметр тақтасын пайдалану


1. Негізгі қуат қосқышын өшіріңіз.
2. Мониторды қорғайтын бетке төмен қаратып орналастырыңыз. **ЕСКЕРТУ:** Мониторды тегіс және қозғалмайтын орынға қойғаныңызды тексеріңіз.
3. Орнатылған бұраңдаларды (**1-сурет**) алып тастау, оңға қарай жүргізіп өту (**2-сурет**) және жоғары көтеру (**3-сурет**) арқылы бекітілген слот қақпағын алып тастаңыз.




1-сурет



2-сурет



3-сурет



4-сурет

4. Опциялар тақтасын мониторға енгізіп, оны алынып тасталған бұраңдалармен бекітіңіз (**4-сурет**).

ЕСКЕРТУ: Қолжетімді опциялар тақталарын алу үшін жеткізушіге хабарласыңыз. Оны бұраңдалармен бекітпестен бұрын қосымша тақтаны басқаруда шамадан тыс күш қолданбаңыз. Тақтаның ұяшыққа дұрыс бағытта салынғанына көз жеткізіңіз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Параметр тақтасы алынып тасталған бұраңдалармен бекітілгенін тексеріңіз. Дұрыс бекітілмеген жағдайда, параметр тақтасы құлауы және қауіп төндіруі мүмкін.

(Ұсынылатын бекіту күші: 139-189 Н•см).


4. Қосымша үстел тіреуін орнату және жылжыту

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Тіреуді орнату немесе жылжыту төрт немесе бірнеше адамның көмегімен орындалуы керек.

Орнату үшін тіреумен немесе орнату жабдығымен қоса берілген нұсқауларды орындаңыз. Өндіруші ұсынған құрылғыларды ғана пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ: Қосымша үстел тіреуімен берілген бұрандаларды ҒАНА пайдаланыңыз.

LCD монитор тіреуін орнатқанда, саусақтарыңызды қысып алудан сақтау үшін құрылғыны абайлап ұстаңыз.





ЕСКЕРТУ: Тұғырдың бетіндегі көрсеткінің бағытына қарай тұғырды орнатыңыз. ST-801 құралын пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ: **V984Q:** Осы мониторды үстел бетіне қоюға арналған тірекпен еденге **ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**. Осы мониторды үстел бетіне қойыңыз немесе ілетін бекіту құралдарымен пайдаланыңыз.

5. Еңкейтуді алдын алу

Дисплейді қосымша үстел тіреуімен бірге пайдаланғанда, монитордың құлап қалуының алдын алу үшін оның салмағын ұстап тұратын кабель немесе шынжырды пайдаланып қабырғаға LCD мониторын бекітіңіз. Қосымша үстел тіреуімен берілген қысқыштар мен бұрандаларды пайдаланып, мониторға кабель немесе шынжырды бекітіңіз.




LCD мониторын қабырғаға бекітпестен бұрын қабырғаға монитордың салмағын ұстап тұра алатынына сенімді болыңыз.

LCD мониторын жылжытпастан бұрын қабырғадан кабель мен шынжырды алып тастағаныңызды тексеріңіз.

6. Желдету талаптары

Қоршалған немесе оқшау аумақта орнатқанда, төменде көрсетілендей ыстық таралып кетуі үшін монитор мен қабырға арасында жеткілікті орын қалдырыңыз.




40 Цельсий градустан төмен болуы қажет.

Ыстық құрылғыдан және бекіту жабдығынан дұрыс таралуы үшін, әсіресе бірнеше құрылымды экранда мониторларды пайдаланғанда, монитордың айналасында жеткілікті вентиляция болуын немесе ауамен кондициялауды қамтамасыз етіңіз.

ЕСКЕРТУ: Ішкі динамиктердің дыбыс сапасы бөлменің акустикасына байланысты әртүрлі болады.

Бөлшектер атаулары мен функциялары

Басқару тақтасы



1 Қуат түймесі (⏻)

Қуатты қосады/күту режимін қосады. Сонымен қатар [20-бетті](#) қараңыз.

2 Дыбыссыз түймесі (MUTE)

Дыбысты қосады/өшіреді.

3 Енгізу/Орнату түймесі (INPUT/SET)

INPUT (KIPIC): Төменгі кірістері арасындағы ауыстырып-қосқыштар. [DisplayPort1], [DisplayPort2], [HDMI1], [HDMI2], [HDMI3], [MP], [OPTION*]. Бұл кірістер зауытта алдын ала орнатылған атау көрсеткендей кірістіруге ғана қолжетімді.
SET (ОРНАТУ): OSD (экрандағы индикатор) көрсетілген кезде, бұл түйме таңдау жасалған кезде «орнату түймесі» функциясының қызметін атқарады.

*: Бұл функция пайдаланып жатқан қосымша тақтаға байланысты.

4 Плюс түймесі (+)

OSD мәзірі өшірулі болғанда, дыбыс шығару деңгейін жоғарылатады. OSD мәзірінде реттеуді жоғарлату үшін (+) түймесі ретінде қызмет атқарады.

5 Минус түймесі (-)

OSD мәзірі өшірулі болғанда дыбыс шығу деңгейін төмендетеді. OSD мәзірінде реттеуді төмендету үшін (-) түймесі ретінде қызмет атқарады.

6 Жоғары түймесі (▲)

OSD мәзірі өшірулі болғанда OSD мәзірін белсендіреді. OSD мәзірінде реттеу элементтерін таңдау үшін бөлектелген аймақты жоғары жылжитқанда ▲ түймешігі ретінде қызмет атқарады.

7 Төмен түймесі (▼)

OSD мәзірі өшірулі болғанда OSD мәзірін белсендіреді. OSD мәзірінде реттеу элементтерін таңдау үшін бөлектелген аймақты төмен жылжитқанда, ▼ түймешігі ретінде қызмет атқарады.

8 Мәзір/Шығу түймесі (MENU/EXIT)

OSD мәзірі өшірулі болғанда OSD мәзірін белсендіреді. Алдыңғы OSD мәзіріне өту үшін, OSD мәзірінде артқа түймесі ретінде қызмет атқарады. Басты мәзірде болғанда OSD жабу үшін EXIT (ШЫҒУ) түймесі қызметін атқарады.

9 Remote Control Sensor and Power Indicator (қашықтан басқару сенсоры және қуат көрсеткіші)

Қашықтан басқарудан сигнал қабылдайды (сымсыз қашықтан басқару пайдаланылғанда). Сонымен қатар [14-бетті](#) қараңыз.

Сұйық кристалды монитор белсенді режимде болғанда көк болып жанады*.

«SCHEDULE SETTINGS» (КЕСТЕ ПАРАМЕТРАЕРІ) функциясы қосылғанда жасыл және сары түс кезек-кезек жыпылықтайды*¹. Монитор құрамындағы компонент бұзылса, көрсеткіш қызыл немесе қызыл мен көк түс араласып жыпылықтайды.

* Егер «OFF» (ӨШІРУЛІ) параметрі «POWER INDICATOR» (ҚУАТ КӨРСЕТКІШІ) бөлімінде ([43-бетті](#) қараңыз) таңдалғанда, СКД монитори белсенді режимде болғанда LED шамы жанбайды.


*¹ Егер «SCHEDULE INDICATOR» (КЕСТЕ КӨРСЕТКІШІ) ([43-бетті](#) қараңыз) экранында «OFF» (ӨШІРУЛІ) функциясы таңдалса, жарық диодының индикаторы жыпылықтамайды.

ЕСКЕРТУ: «POWER INDICATOR» (ҚУАТ КӨРСЕТКІШІ) бөлімін қараңыз ([43-бетті](#) қараңыз).

10 Бөлме жарығын ескеретін сенсор

Монитордың артқы жарық параметріне автоматты реттеулер жасауға рұқсат беру үшін жақсы көрініс жұмысын ұсынып, орта жарығының деңгейін анықтайды. Осы сенсорды жаппаңыз. [43-бетті](#) қараңыз.

Терминал тақтасы



1 АТ КІРУ коннекторы

Берілген қуат кабеліне қосады.

2 Main Power Switch (Басты қуат қосу пәрмені)

Басты қуатты ҚОСУЛЫ/ӨШІРУЛІ үшін қосу/өшіру функциясы.

3 Дыбыстық КІРУ

Компьютер немесе ойнатқыш сияқты сыртқы жабдықтан келетін дыбыс сигналын кіргізуге арналған.

4 DisplayPort OUT (ШЫҒЫС)

DisplayPort IN1 арқылы жіберілетін шығыс DisplayPort сигналдары.

DisplayPort тізбектік қосылымды пайдаланып, бірнеше мониторды қосуға болады. MULTI DISPLAY (МУЛЬТИ ДИСПЛЕЙ) (39-бетті) және Бейне шығыс (68-бетті) бөлімдерін көріңіз.

5 DisplayPort IN1/IN2

DisplayPort сигналдарын ендіру үшін арналған.

6 HDMI IN1/IN2/IN3

Сандық HDMI сигналдарын ендіру үшін арналған.

7 RS-232C IN (KIPIC) (D-Sub 9 контакт)

RS-232C функцияларын басқару үшін компьютер сияқты сыртқы жабдықтан RS-232C шығару мүмкіндігін қосыңыз.

8 Қашықтан IN (КІРУ)

Қосымша датчик құрылғысын мониторға қосу арқылы пайдаланыңыз. ЕСКЕРТУ: Осы байланыс арнайы көрсетілмейінше пайдаланбаңыз.

9 microSD картасының ұясы

microSD жад картасын кірістіріңіз. Мультимедиа ойнатқышын пайдалану үшін, microSD жад картасын осы портқа жалғаңыз (23-бетті көріңіз).

microSD карта ұясының қақпағын орнату үшін, «microSD карта ұясының қақпағын орнату» бөлімін қараңыз (23-бетті қараңыз).

10 USB порты

USB1: Артқы порт (USB A түрі).

USB құрылғыларын қосыңыз.

USB2: Алдыңғы порт (USB B түрі).

Компьютер сияқты сыртқы жабдықты қосыңыз.

Жалғанған сыртқы жабдықтан мониторды бақылау үшін, осы портты пайдаланыңыз.

USB CM1 (2A): Қуат порты.

USB CM2: Қызметтік порт. Құрылғыларда қоспаңыз.

USB MP: USB сақтау құрылғысының порты. Осы порт келешек бағдарламалық жасақтама жаңартуларына арналған. Мультимедиа ойнатқышын пайдалану үшін, USB сақтау құрылғысын осы портқа жалғаңыз (19-бетті қараңыз). MP – медиа ойнатқыштың қысқартуы.

11 LAN 1/2 порты (RJ-45)

LAN байланысы. 48 және 51-бетті қараңыз.

ЕСКЕРТУ: LAN1 пайдалану үшін басымдылық беріңіз.

12 Аудио ШЫҒЫСЫ

AUDIO IN (АУДИО КІРІСІ), DisplayPort және HDMI арқылы сыртқы құрылғыға жіберілетін аудионың шығыс сигналы (стерео қабылдағыш, күшейткіш, т.б.).

ЕСКЕРТУ: Бұл коннектор «Құлақсаппа» терминалы емес.

13 Ішкі/Сыртқы динамик қосқышы

☐: Ішкі динамик ☐: Сыртқы динамик.

ЕСКЕРТУ: Ішкі/сыртқы динамик қосқышын пайдаланған кезде монитордың негізгі қуатын ажыратыңыз.

14 Сыртқы динамик терминалы

Аудионың шығыс сигналы.

Қызыл терминал плюс (+) болып табылады.

Қара терминал минус (-) болып табылады.

ЕСКЕРТУ: Осы сөйлеуші терминалы 15 W + 15 W (8 ohm) сөйлеушіге арналған.

15 Ішкі динамик

16 Параметр тақтасының ұясы

2 ұяшық түріндегі құрал қол жетімді. Толық ақпарат алу үшін жеткізушімен хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ: Қол жетімді параметр тақтасына арналған жеткізушіге хабарласыңыз.

17 Қорғаныс ұясы

Kensington қорғаныс кабельдерімен/жабдығымен үйлесімді қауіпсіздік және ұрлықтан қорғау құлпы.

Өнімдерді көру үшін, Kensington веб-сайтына кіріңіз:

<http://www.kensington.com/>

18 Зауыттық деректер тақтасы


19 Зерделі сымсыз деректер сенсоры

Ақпарат пен параметрлерге арналған монитордың сымсыз байланысына арналған датчик.

20 Параметр динамигінің монтаждау тесігі

ЕСКЕРТУ: Қол жетімді қосымша динамикті алу үшін, қызмет көрсетушіңізге хабарласыңыз.

Сымсыз қашықтан басқару



1 POWER ON/STANDBY (ҚУАТТЫ ҚОСУ/КҮТУ) түймесі

Қуатты қосады/күту режимін қосады.

2 INPUT (ЕНДІРУ) түймешігі

Ендіру сигналын таңдайды.

MEDIA PLAYER (МЕДИА ОЙНАТҚЫШ) кіріс сигналы MP ретінде көрсетілген.

3 OPTION MENU түймесі

4 KEYPAD

Құпия сөздерді орнату және өзгерту үшін түймелерді басып, арнаны өзгертіңіз және REMOTE ID (ҚАШЫҚТАҒЫ ИДЕНТИФИКАТОР) орнатыңыз.

Төмендегі түймелер СЕС (Тұрмыстық техника бақылауы) (44-бетті қараңыз) және мультимедиа ойнатқышы функциясы (22-бетті қараңыз) үшін пайдаланылады: 1 ◀◀, 2 ▶▶, 3 ▶▶▶, 5 ■, 6 ■■.

5 ENT түймесі

Мультимедиа ойнатқышындағы AUTO PLAY FOLDER (АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ОЙНАТУ ҚАЛТАСЫ) қалтасын растаңыз.

6 DISPLAY түймесі

OSD ақпаратын қосады/өшіреді. 28-бетті қараңыз.

Егер IR LOCK SETTINGS (ИҚ ҚҰЛЫПТАУ ПАРАМЕТРАЕРІ) функциясы арқылы қашықтан басқару түймешіктерін құлыптасаңыз, осы DISPLAY (ДИСПЛЕЙ) түймешігін 5 секундтан артық басып тұру арқылы осы түймешіктердің құлын ашуға болады.

7 MENU түймесі

Мәзір режимін қосады/өшіреді.

8 AUTO SET UP (АВТОМАТТЫ ОРНАТУ) түймесі (Бұл түйме істемейді)

9 EXIT түймесі

OSD мәзірінде алдыңғы мәзірге қайтады.

10 UP/DOWN (ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН) түймесі (▲/▼)

OSD мәзірінде реттеу элементтерін таңдау үшін бөлектелген аймақты жоғары немесе төмен жылжытқанда ▲▼ түймешігі ретінде қызмет атқарады.

PIP (сурет ішінде сурет) функциясын пайдалаған кезде, ол кішкентай экранды жоғары не төмен жылжытады.

11 MINUS/PLUS (-/+) (МИНУС/ПЛЮС) түймесі

OSD мәзір параметрінде реттеу деңгейін жоғарлатады немесе төмендетеді.

PIP (сурет ішінде сурет) функциясын пайдалаған кезде, ол кішкентай экранды солға не оңға қарай жылжытады.

12 SET/POINT ZOOM түймесі

SET (ОРНАТУ): OSD көрсетілген кезде, бұл түйме таңдау жасалған кезде «орнату түймесі» функциясының қызметін атқарады.

POINT ZOOM (НҮКТЕЛІК МАСШТАБТАУ): OSD көрсетілмеген кезде, бұл түйме «нүктелік масштабтау түймесі» ретінде әрекет етеді.

13 VOLUME UP/DOWN (ДЫБЫСТЫ КӨТЕРУ/АЗАЙТУ) түймесі (VOL +/-)

Дыбыстың кіру деңгейін жоғарылатады немесе төмендетеді.

14 CH/ZOOM UP/DOWN түймесі (CH/ZOOM +/-)*1

POINT ZOOM деңгейін арттырады немесе азайтады.

POINT ZOOM (НҮКТЕЛІК МАСШТАБТАУ) бөлімін қараңыз (59-бетті қараңыз).

15 GUIDE түймесі*1

16 MUTE (ДЫБЫССЫЗ) түймесі

Дыбыссыз функциясын қосады/өшіреді.

17 PICTURE MODE (СУРЕТ РЕЖИМІ) түймесі

[HIGHBRIGHT], [STANDARD], [sRGB], [CINEMA], [CUSTOM1], [CUSTOM2], [SVE-(1-5) SETTINGS] режимдерін таңдайды.

31-бетті қараңыз.

HIGHBRIGHT (АШЫҚ): DVD сияқты суреттерді жылжытуға арналған.

STANDARD (СТАНДАРТТЫ): суреттерге арналған.

sRGB: суреттерге негізделген мәтінге арналған.

CINEMA (КИНО): фильмдерге арналған.

CUSTOM1 және CUSTOM2: реттелетін параметр.

SVE-(1-5) SETTINGS (SVE-(1-5) ПАРАМЕТРАЕРІ):

суреттер мен фильмдерге арналған.

18 ASPECT (ҚАТЫНАС) түймесі

Сурет қатынасын таңдайды, [FULL] (ТОЛЫҚ), [WIDE]* (КЕҢ), [DYNAMIC]* (ДИНАМИКАЛЫҚ), [1:1], [ZOOM] (ҮЛКЕЙТУ) және [NORMAL] (ҚАЛЫПТЫ). 21-бетті қараңыз.

* Тек HDMI1, HDMI2, HDMI3 кіріс нүктелері.

19 AUDIO INPUT түймесі

Аудионың кіріс көзін таңдайды [IN], [HDMI1], [HDMI2], [HDMI3], [DisplayPort1], [DisplayPort2], [OPTION]*1, [MP].

*1: Осы түймешіктің әрекеті пайдаланып жатқан параметр тақтасына байланысты.

20 STILL түймесі

ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймешігі: Қимылсыз сурет режимін белсендіреді/ажыратады.

CAPTURE (ТҮСІРУ) түймесі: Қимылсыз суретті түсіреді.

ЕСКЕРТУ: Осы функция NONE (ЕШҚАЙСЫСЫ), INPUT CHANGE (ЕНДІРУДІ ӨЗГЕРТУ) ішінде SUPER (СУПЕР), TILE MATRIX (МАТРИКС МОЗАЙКАСЫ) қоспағанда MULTI PICTURE MODE (БІРНЕШЕ СУРЕТ РЕЖИМІ), TEXT TICKER (МӘТІН САҒАТЫ), SCREEN SAVER (ЭКРАН САҚТАҒЫШ), POINT ZOOM (НҮКТЕЛІК МАСШТАБТАУ), IMAGE FLIP (КЕСКІНДІ БҰРУ) функцияларын таңдаған кезде ажыратылады. Егер кіріс сигнал OPTION (ОПЦИЯ) параметрі болса, онда осы түймешіктің әрекеттері пайдаланып жатқан қосымша тақтаға байланысты.

21 IMAGE FLIP түймесі

[H FLIP], [V FLIP], [180° ROTATE] және [NONE] режимдерін ауыстырып қосады. [35-бетті](#) қараңыз.

22 ACTIVE PICTURE түймесі

Белсенді суретті таңдайды.

23 MULTI PICTURE түймесі

ON/OFF түймесі: ON және OFF күйін ауыстырып қосады.

MODE (РЕЖИМ) түймесі: PIP (суреттегі сурет) немесе PBP (сурет арқылы сурет) ішінен режимді таңдаңыз.

CHANGE (ӨЗГЕРТУ) түймешігі: Кескіндерді екі сурет арасында ауыстырады.

PICTURE ASPECT түймесі: Белсенді Selects active picture frame aspect.

ЕСКЕРТУ: Бірнеше сурет режимінде SET/POINT ZOOM түймесін басу арқылы әрбір бірнеше сурет өлшемін өзгерту мүмкін емес.

24 REMOTE ID (ҚАШЫҚТАҒЫ ИДЕНТИФИКАТОР) түймешігі

REMOTE ID (қашықтағы идентификатор) функциясын белсендіреді. [47-бетті](#) қараңыз.

25 MTS түймешігі*1

*1: Осы түймешіктің әрекеті пайдаланып жатқан параметр тақтасына байланысты. Қосымша ақпарат алу үшін параметр тақтасының пайдаланушы нұсқаулығына қараңыз.

ЕСКЕРТУ: Бұл түймелер еш түсіндермесіз жұмыс істемейді.


Қашықтан басқару құралын пайдалану қашықтығы

Түймешігін басқан кезде қашықтан басқару құралының жоғарғы жағын СКД мониторының сенсорына бағыттайды.

Қашықтан басқару құралын сенсордан шамамен 7 м (23 фут) қашықтықта немесе 30° көлденең немесе тік бұрышта шамамен 3.5 м (10 фут) қашықтықта пайдаланыңыз.



Абай болыңыз: Қашықтан басқару жүйесі күн сәулесі тікелей түсетін жағдайда немесе қашықтан басқару сенсорына қатты соққы тиген жағдайда немесе жолында қайнда да бір нысан тұрса, жұмыс істемеуі мүмкін екенін ескеріңіз.



Қашықтан басқару құралын ұстау

- Қуаты қатты токқа түсірмеңіз.
- Қашықтан басқару құралына су немесе басқа да сұйықтықтың құйылып кетуін болдырмаңыз. Егер қашықтан басқару құралы ылғалданса, бірден оны құрғатыңыз.
- Ыстық немесе будың әсерін алдын алыңыз.
- Қашықтан басқару құралын тек батареяны салу үшін ғана ашыңыз.

1. Орнату орнын анықтау

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: LCD мониторын білікті маман орнатуы қажет. Қосымша ақпарат алу үшін жеткізушіге хабарласыңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: LCD МОНИТОРЫН ТӨРТ НЕМЕСЕ БІРНЕШЕ АДАМ ЖЫЛЖЫТЫП ОРНАТА АЛАДЫ. LCD мониторы құлап қалса, осы сақтану ережесін орындамағанның салдарынан жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Мониторды бетін төмен қаратып төңкеріп іске қосуға болмайды.


АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл СКД мониторда ішкі температура датчигі мен салқындату желдеткіштері, оған қоса қосымша тақтасына арналған желдеткіш бар. СКД мониторы тым ыстық болса, салқындатқыш желдеткіштер автоматты түрде қосылады.

Параметр тақтасының желдеткіші белсенді, бірақ температура параметр тақтасын салқындатуға арналған қалыпты жұмыс істеу температурасынан төмен. Салқындатқыш желдеткіш қосуы тұрғанда СКД мониторы қызып кетсе, «Абай болыңыз» ескертуі пайда болады. Егер «Абай болыңыз» ескертуі көрсетілсе, құрылғыны пайдалануды тоқтатып, оны суытыңыз. Салқындатқыш желдеткіштерін пайдалану арқылы ерте құрылғы әтсіздігі ықтималдығын азайтып, кескіннің бұрмалануын және «Кескін инерциялығын» азайтуға көмектесе алады. Егер СКД мониторы жабық аймақта пайдаланылса немесе СКД тақтасы қорғаныс экранымен жабылса, OSD (**41-бетті** қараңыз) мәзіріндегі HEAT STATUS (ЫСТЫҚ КҮЙІ) басқару элементі көмегімен монитор ішіндегі температураны тексеріп алыңыз. Егер температура қалыпты жұмыс істеу температурасынан жоғары болса, OSD мәзіріндегі FAN CONTROL (ЖЕЛДЕТКІШТІ БАСҚАРУ) мәзірі ішіндегі салқындатқыш желдеткішін ON (ҚОСУ) режиміне қойыңыз (**41-бетті** қараңыз).

МАҢЫЗДЫ: СКД панелін сызып алмау үшін мониторға қорғағыш парақты қойыңыз. Монитор қаптамада болғанда оның айналасы қорғаныс тақтасымен оралған.

2. Қашықтан басқару пультің батареяларын орнату

Қашықтан басқару құралы екі 1,5 В ААА батареясын пайдаланады. Батареяларды орнату немесе ауыстыру:



- Қорғаныс жапқышын ашу үшін басып сырғытыңыз.
- Батареяларды қораптың ішінде (+) және (-) көрсеткіштеріне қарай реттестіріңіз.
- Қорғаныс жапқышын ауыстырыңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Батареяларды дұрыс емес пайдаланғанда, бұл оның ағуына немесе жарылуына алып келуі мүмкін.

NEC корпорациясы батареяларды пайдаланудың келесі жолын ұсынады:

- «ААА» өлшемдегі батареяларды әрбір батареядағы (+) және (-) белгілеріне сәйкестендіріп батарея ұяларындағы (+) және (-) белгілеріне орналастырыңыз.
- Батарея сұрыптарын шатастырып алмаңыз.
- Жаңа және ескі батареяларды араластырмаңыз. Бұл батареяның жұмыс қызметін қысқартып немесе батареялардан сұйықтық ағуына алып келуі мүмкін.
- Батареядан шыққан қышқыл заттың батарея ұясына ағуынан алдын алу үшін бірден жарамсыз батареяларды алып тастаңыз.
- Батареядан аққан қышқыл затты ұстаушы болмаңыз, өйткені ол теріні зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Егер қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт бойы пайдалануды жоспарламасаңыз, батареяларды алып тастаңыз.

3. Сыртқы жабдықты қосу (17, 18 және 19-беттерді қараңыз)


- Қоспастан бұрын сыртқы жабдықты қорғау үшін негізгі қуатты ажыратыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін жабдықтың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

ЕСКЕРТУ: Мониторды немесе басқа да сыртқы жабдықты қосқанда кабельдерді қосушы/өшіруші болмаңыз, өйткені бұл монитор суретінің жойылуына алып келуі мүмкін.

4. Ұсынылған қуат кабелін қосу

- Жабдық оңай қол жетімді қуат розеткасына жақын орнатылуы керек.
- Бұранда мен қысқышты пайдаланып қуат кабелін LCD мониторына бекітіңіз.
- Ұштарын штепсель розеткасына толық енгізіңіз. Жеткіліксіз байланыс суреттің бұзылуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ: АС қуат кабелін дұрыс таңдау үшін осы пайдаланушы нұсқаулығының «Қауіпсіздік шаралары мен қолдану» бөлімін қараңыз.
(Ұсынылатын бекіту күші: 139-189 Н•см).



5. Бүкіл берілген сыртқы жабдықтың қуатын қосу

Компьютерге қосқанда, алдымен компьютердің қуатын қосыңыз.

6. Бекітілген сыртқы жабдықты іске қосу

Қажетті кіріс көзінен экранда сигналды көрсетіңіз.

7. Дыбысты реттеу

Қажет болғанда дыбыс деңгейлерін реттеп алыңыз.

8. Суретті реттеу (33-бетті қараңыз)

Қажет болғанда фон жарығы немесе контраст сияқты реттеулер жасаңыз.

9. Ұсынылған реттеулер

«Сурет тұрақтылығы» қаупін азайту үшін пайдаланып жатқан бағдарламаға негізделген келесі элементтерді реттеп алыңыз: «SCREEN SAVER» (ЭКРАН САҚТАУШЫ), «SIDE BORDER COLOR» (ЖИЕК ТҮСІ) (41-бетті қараңыз), «DATE & TIME» (КҮН ЖӘНЕ УАҚЫТ) (36-бетті қараңыз), «SCHEDULE SETTINGS» (КЕСТЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ) (36-бетті қараңыз). Сондай-ақ, «FAN CONTROL» (ЖЕЛДЕТКІШТІ БАСҚАРУ) параметрі (41-бетті қараңыз) ON (ҚОСУЛЫ) болғаны ұсынылады.

Байланыстар


ЕСКЕРТУ: Монитордың негізгі қуатын немесе басқа да сыртқы жабдықтың қуатын қосқанда кабельдерді қоспаңыз немесе өшірмеңіз, өйткені бұл монитор суретінің жойылуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Ендірілген резисторды пайдаланбай дыбыс кабелін пайдаланыңыз. Ендірілген резистормен дыбыс кабелін пайдаланатын болсаңыз, ол дыбыс деңгейін азайтады.

Байланыстарды жасамастан бұрын:

- * Алдымен барлық бекітілген сыртқы жабдықтың қуатын өшіріп алыңыз да, қосыңыз.
- * Жабдықтың әрбір бөлектелген бөлшегімен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығына қараңыз.
- * USB сақтау құрылғысын немесе microSD жад картасын монитордың электр желісі өшіруі кезде мониторға жалғау немесе ажырату қатаң түрде ұсынылады.

Сым өткізу диаграммасы



*: Тізбек шынжыры көп құрылымдық мониторлардың қосылатын мониторларға шектеуі бар.

*1: USB2 портына жалғанған құрылғы USB1 портына жалғанған құрылғыны басқара алады.

Жеке компьютерді қосу

Компьютерді СКД монитормына қосу арқылы компьютердің бейне сигналының шығысын көрсетуге мүмкіндік береді. Кейбір дисплей карталары тиісті кескін көрсетуге арналған қажетті ажыратымдылықты қолдай алмауы мүмкін. СКД монитормы зауыттың алдын ала орнатылған уақыт сигналын автоматты түрде реттеу арқылы кескінді дұрыс көрсете алады.

<Зауыттың алдын ала орнатылған қарапайым сигнал уақыты>

Ажыратымдылық	Зерттелетін жиілік		HDMI		DisplayPort	
	Көлденең	Тік	MODE1 (РЕЖИМ1)	MODE2 (РЕЖИМ2)	1.1a	1.2
640 x 480	31,5 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
800 x 600	37,9 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1024 x 768	48,4 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1280 x 720	45,0 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1280 x 768	47,8 кГц	60 Гц	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә
1280 x 800	49,7 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1280 x 1024	64 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1360 x 768	47,7 кГц	60 Гц	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә
1366 x 768	47,7 кГц	60 Гц	Жоқ	Жоқ	Иә	Иә
1400 x 1050	65,3 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1440 x 900	55,9 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1600 x 1200	75,0 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1680 x 1050	65,3 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1920 x 1080	67,5 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1920 x 1200	74,6 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
1920 x 2160	133,3 кГц	60 Гц	Иә	Иә	Иә	Иә
3840 x 2160	65,7 кГц	30 Гц	Жоқ	Жоқ	Иә*1	Иә
3840 x 2160	67,5 кГц	30 Гц	Иә*1	Иә	Жоқ	Жоқ
3840 x 2160	133,3 кГц	60 Гц	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә*1, *2
3840 x 2160	135,0 кГц	60 Гц	Жоқ	Иә*1	Жоқ	Иә*2
4096 x 2160*3	54,0 кГц	24 Гц	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ
4096 x 2160*3	135,0 кГц	60 Гц	Жоқ	Иә	Жоқ	Жоқ

*1: Ұсынылған шешім.

*2: Тек HBR2 орнатылған.

*3: Сығылған сурет.

Ойнатқышты немесе компьютерді HDMI шығысымен қосу

- HDMI кабелін HDMI логотипімен бірге пайдаланыңыз.
- Сигнал бір сәтте ғана пайда болады.
- Кейбір бейне карталар немесе драйверлер суретті дұрыс көрсетпеуі мүмкін.
- Компьютерді HDMI портымен пайдаланғанда OVER SCAN функциясын «AUTO» немесе «OFF» күйіне қойыңыз (34-бетті қараңыз).
- Кескін 3840 x 2160 ажыратымдылығында сығылған кезде, дисплей картасын тексеріңіз.
- HDMI дыбысын шығару үшін, OSD AUDIO INPUT опциясында [HDMI1], [HDMI2] немесе [HDMI3] портын орнатыңыз немесе қашықтан басқарылатын AUDIO INPUT [HDMI1], [HDMI2] немесе [HDMI3] түймесін таңдаңыз.
- Ендіру ажыратымдылығы 3840 x 2160 (60 Гц) және 4096 x 2160 (60 Гц) болса, «TERMINAL SETTINGS» (ТЕРМИНАЛ ПАРАМЕТРАЛЕРІ) бөліміндегі HDMI үшін MODE2 режимін орнатыңыз (38-бетті көру).
- Егер компьютер қосылғаннан кейін монитордың электр желісі қосылса, кейде кескіндер көрсетілмейді. Бұл жағдайда, компьютерді өшіріп, оны қайта қосыңыз.

Компьютерді DisplayPort көмегімен қосу

- DisplayPort сәйкес рлоготипі бар DisplayPort кабелін пайдаланыңыз.
- DisplayPort шығыс коннекторын пайдалану үшін «Бейне шығыс» бөлімін қараңыз (68-бетті қараңыз).
- Сигнал бір сәтте ғана пайда болады.
- DisplayPort кабелін компонентке сигнал өткізгіш адаптері көмегімен қосқанда, кескін көрсетілмеуі мүмкін.
- Құлыптау функциясын көрсететін DisplayPort кабельдерін таңдаңыз. Осы кабельді жылжытқанда, құлпын ашу ұшын жоғарғы түймешігін ұстап тұрыңыз.
- DisplayPort дыбысын шығару үшін, OSD мәзіріндегі AUDIO INPUT (ДЫБЫС ЕНДІРУ) параметрінде [DisplayPort1] немесе [DisplayPort2] қойыңыз немесе қашықтан басқару құралының AUDIO INPUT (ДЫБЫС ЕНДІРУ) түймесі арқылы [DisplayPort1] немесе [DisplayPort2] таңдаңыз.
- Әрбір қосылған мониторда DisplayPort шығыс коннекторы арқылы жеке кескіндерді көрсету үшін «TERMINAL SETTINGS» (ТЕРМИНАЛ ПАРАМЕТРАЛЕРІ) бөлімінің «DisplayPort» тармағында DisplayPort1.2 және MST параметрін орнатыңыз (38-бетті қараңыз).
- Мониторға жалғанған компьютер қосылған соң, монитордың негізгі қуаты қосылса, кейбір кезде кескіндер көрсетілмейді. Бұл жағдайда компьютерді өшіріп, қайта қосыңыз.

USB құрылғысын қосу

USB1: USB артқы порты (A түрі).

USB үйлесімді флэш-картасын немесе пернетақтасын артқы портқа жалғаңыз.

USB2: USB алдыңғы порты (B түрі).

USB үйлесімді компьютерін USB кабелімен жалғаңыз.

USB2 портына жалғанған USB үйлесімді компьютері USB1 портына жалғанған құрылғыларды бақылай алады.

USB CM1 (2A): Қуат порты.

Қуат көзі туралы ақпаратты алу үшін, сипаттамалар бетін қараңыз (72, 73 және 74-беттерін қараңыз).

USB CM2: Қызметтік порт.

Құрылғыларды жалғамаңыз.

USB MP: USB артқы порты (A түрі).

Мультимедиа ойнатқышы функциясын пайдалану үшін, осы портты пайдаланыңыз.

- USB құрылғысын немесе кабелін жалғау кезінде коннектор пішіні мен бағдарының тиісінше тураланғанына көз жеткізіңіз.
- Пайдаланатын компьютердің BIOS, OS немесе құрылғысына байланысты USB функциясы жұмыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда, компьютердің немесе құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын тексеріңіз немесе толық ақпарат алу үшін жеткізушіге хабарласыңыз.
- Монитордың негізгі қуат қосқышын өшірудің немесе Windows® жүйесін өшірудің алдында, USB функциясын өшіріп, USB кабелін монитордан алып тастаңыз. Компьютерде апаттық жағдай болғанда, деректер жоғалып кетуі мүмкін.
- Монитор USB кірісін анықтау үшін бірнеше секунд кетуі мүмкін. Монитор кіріс көзін анықтаудың алдында USB кабелін ажыратпаңыз немесе USB кабелін ажыратып, қайта қоспаңыз.
- USB CM1 (2 A) құрылғысына арналған қуат көзін OSD мәзіріндегі USB POWER параметріне орнатуға болады (44-бетті қараңыз).
- Қуат көзімен қамтамасыз ету үшін USB CM1 (2A) портын пайдаланғанда, 2A портын қолдайтын USB кабелін пайдаланыңыз.
- USB кабелін шатастырмаңыз. Онда ол қызып кетуі немесе өртеніп кетуі мүмкін.
- USB реттеу үшін OSD мәзіріндегі USB тармағын қараңыз (44-бетті қараңыз).

ЕСКЕРТУ: USB CM1 (2A) және USB CM2 – бір-біріне сәйкес келмейтін порттар.


USB құрылғыларын мониторға жалғау үшін, байланысты (17-бетті қараңыз) қараңыз.

Негізгі операция


Қуат қосу және өшіру режимдері

Сұйық кристалды монитор қуатының индикаторы қосылған кезде көк түске айналады.

ЕСКЕРТУ: Қашықтан басқару құралы немесе Power (Қуат) түймешігі арқылы монитор қуатын қосу үшін негізгі қуат қосқышы ON (ҚОСУЛЫ) күйінде болу қажет.




OFF (ӨШІРУЛІ) — ON (ҚОСУЛЫ)
Негізгі қуат қосу пәрмені




Қуат түймешігі

Қашықтан басқару пультіні пайдалану



POWER ON (ҚУАТТЫ ҚОСУ) түймесі



Қуат көрсеткіші

Жарық диоды индикаторының күйі және жарық беру үлгісі	Жағдай	Қалпына келтіру
Көк жанады	Қалыпты	
Жасыл жыпылықтайды* ¹	Төмендегі шарттардың бірінде орнатылған уақыт аралығында монитор анықтаған ендіру сигналдары табылмады: - Монитор параметр тақтасын пайдалануда. - INPUT DETECT (ЕНДІРУДІ АНЫҚТАУ) NONE (ЖОҚ) режимінен басқа параметрге орнатылды. - USB POWER (USB ҚУАТЫ) ON (ҚОСУЛЫ) режиміне орнатылды. - TERMINAL MODE режиміндегі DisplayPort порты MST тармағына орнатылды.	1. Мониторды қашықтан басқару құралы немесе монитор түймесі арқылы қосыңыз. 2. Мониторға AV сигнал кірісін жіберіңіз.
Сары жанады	Орнатылған уақыт аралығында монитор анықтаған AV ендіру сигналдары табылмады. (желілік сигналды ендіру)	
Сары жыпылықтайды	Орнатылған уақыт аралығында монитор анықтаған AV ендіру сигналдары табылмады. (желілік сигналды ендіреу)	
Қызыл жанады	Мониторды қашықтан басқару құралы немесе монитор түймесі арқылы өшіріңіз.	Мониторды қашықтан басқару құралы немесе монитор түймесі арқылы қосыңыз.

